

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 306 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 1316 бұйрығы
БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 306 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті туралы ережеде:

16-тармақта:

96) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 137-1) және 137-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"137-1) Сауда рәсімдерін жеңілдету туралы келісімнің шеңберінде Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдерден транзиттік операциялар бойынша сұрау салулар мен ұсыныстардың қарауын үйлестіру (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қазандағы Заңмен ратификацияланған 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне қосымша);

137-2) Сауда рәсімдерін жеңілдету туралы келісімнің шеңберінде Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдерінің кеден органдарының сұрау салулары бойынша ақпаратты ұсыну (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қазандағы Заңмен ратификацияланған 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне қосымша);";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Комитет Төрағасының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттер басшыларының, мамандандырылған мемлекеттік мекеме басшыларының міндетін және өкілеттігін анықтайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады:

Комитеттің жұмыскерлерін;

облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттер басшыларының орынбасарларын;

мамандандырылған мемлекеттік мекемелерінің басшыларын;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды;

4) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері, оның аумақтық органдары және мамандандырылған мемлекеттік мекемелері туралы ережелерді бекітеді;

5) Комитеттің штат саны лимитінің шегінде штаттық кестені бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен іссапар, еңбек демалысын ұсыну, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, көтермелеу, Төраға орынбасарларына, Комитеттің жұмыскерлеріне, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер департаменттер басшыларына, мамандандырылған мемлекеттік мекемелері басшыларына үстемеақы және сыйақы төлеу мәселелерін шешеді;

7) құзыреті шегінде Комитеттің құқықтық актілеріне қол қояды;

8) Комитеттің заң бөлімшесіне жетекшілік етеді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;

10) Комитетті барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитеттің Төрағасы жоқ болған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.";

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

"1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелердің тізбесі" деген бөлімде:

129-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"129. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Бейімбет Майлин ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (М.Е. Сұлтанғазиев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Ә. Смайылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК